**НА УЧАСТКЕ ЖЕТЫГЕН – АЛТЫНКОЛЬ АЛМАТИНСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ ДОРОГИ ВНЕДРЯЕТСЯ СИСТЕМА ИНТЕРВАЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ НА ОСНОВЕ РАДИОКАНАЛА СТАНДАРТА TETRA. ПРИМЕНЕНИЕ СИСТЕМЫ ПОЗВОЛЯЕТ ПРАКТИЧЕСКИ ПОЛНОСТЬЮ ОТКАЗАТЬСЯ ОТ ПРОКЛАДКИ ДОРОГОСТОЯЩИХ СИГНАЛЬНО-БЛОКИРОВОЧНЫХ КАБЕЛЕЙ И ЛИНИЙ СВЯЗИ, УСТАНОВКИ СВЕТОФОРОВ И ОБОРУДОВАНИЯ РЕЛЬСОВЫХ ЦЕПЕЙ. ЭТО ПОЗВОЛИТ СЭКОНОМИТЬ ЗНАЧИТЕЛЬНЫЕ СРЕДСТВА. БОЛЕЕ ТОГО, НОВОВВЕДЕНИЕ – АРХИВАЖНОЕ В ВОПРОСАХ УЛУЧШЕНИЯ ОБМЕНА ПОЕЗДОВ МЕЖДУ РК И КНР.**



Канат КОБЕСОВ,
заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№63 (2671)
06/08/2021





## МҮГЕДЕКТЕР БИЛЕТТІ ОНЛАЙН САТЫП АЛА АЛАДЫ

**Үстіміздегі жылдың 28 шілдесінен бастап мүмкіндігі шектеулі жандар жеңілдетілген билеттерді egovmobile қосымшасына ЖСН-ды енгізе отырып, одан алынған әлеуметтік ID 6-таңбалы кодты www.bilet.railways.kz ресми сайтына енгізу арқылы онлайн сатып ала алады. Бұл жобаны Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен іске асырып отыр.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Авторландырылған пайдаланушы www.bilet.railways.kz сайтында сапар күні мен вагондағы орынды таңдағаннан кейін мәртебесін растау үшін өз деректерін ЖСН, мүгедектік туралы анықтаманың нөмірі және EGovmobile қосымшасының «Цифрлық құжаттар» сервисінде ID әлеуметтік құжатқа қолжетімділік ашылғаннан кейін пайда болатын 6 таңбалы кодты көрсету қажет.

Сайтта өз деректерін толтырып және дербес деректерді өңдеуге келісім бергеннен кейін билеттерді сату жүйесі мүгедектік мәртебесін алу үшін «Цифрлық құжаттар» сервисіне сұрау салуға жіберіледі. Деректерді тексеру кезінде жолаушының мәртебесі расталады. Бұдан әрі сату жүйесі төлем жүргізу және жол жүру құжатын ресімдеу үшін таңдалған орынға жеңілдікті қолдануға мүмкіндік береді.

«Өткен жылы темір жол билеттерінің 50%-дан астамы онлайн түрде сатылды, біз бұл көрсеткішті 2021 жылы арттыруға тырысамыз және мүмкіндігінше көп жолаушылардың билеттерді онлайн сатып алуын қалаймыз. Бұл – уақыт пен ақшаны айтарлықтай үнемдейтін ең тиімді әдіс. Сондай-ақ, елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, мүгедек азаматтардың билет кассаларына бармай-ақ теміржол билеттерін сатып алу процесін жетілдіру туралы шешім қабылданды», – деп атап өтті «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директоры Петер Штурм.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ үшін мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған цифрлық форматтағы қызметтердің қолжетімділігі аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

«Біз мүгедек адамдардың мәртебесін растайтын құжатты өзімен бірге алып жүрудің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз және мүгедек адамның куәлігі eGovmobile қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисінде де қолжетімді екенін қуана хабарлаймыз. Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ BILET.RAILWAYS.KZ сайтында билеттерді сату жүйесімен интеграциялаудың арқасында жеңілдікті билеттерді ресімдеу мүмкіндігі іске асырылды. Оны алу үшін, сайттан билет сатып алғанда BILET.RAILWAYS.KZ, құжатқа қолжетімділікті ашу кезінде қалыптасатын 6 таңбалы код пен ЖСН енгізу жеткілікті»,– деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

## НЕОБХОДИМ ПАРК ПЛАТФОРМ

**В Казахстане перевозка контейнерных грузов железнодорожным транспортом по итогам первого полугодия текущего года выросла на 36% по сравнению с соответствующим периодом 2020 года.**

С учетом всех сообщений объем перевозок контейнеров составил более 801 тысячи ДФЭ, из них более 500 тысяч ДФЭ перевезено в транзитном сообщении, рост на 44%, информировали в Комитете транспорта МИИР РК.

До конца текущего года контейнерные перевозки достигнут миллиона ДФЭ, а к 2025 году – 1,66 миллиона ДФЭ.

Для реализации этой цели необходимы соответствующий парк фитинговых платформ и инфраструктурные мощности. МИИР РК ведет работу по стимулированию операторов на обновление парка вагонов. Так, с 2016 года внедрен инструмент по субсидированию ставок вознаграждения при кредитовании на приобретение вагонов. В рамках господдержки приобретено порядка 5,5 тысячи грузовых вагонов, из них 3,5 тысячи – фитинговые платформы, которые направлены на обеспечение перевозки контейнеров.

До 2025 года эту работу планируется продолжать в рамках национального проекта «Сильные регионы – драйвер экономики».

*Роман ЛЮБИМОВ,*
*Нур-Султан*

**Бөріхан БЕРКІМБАЕВ,**
Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің директоры:



«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰК» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ. ӨНДІРІСТІК ҮРДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, ӨНДІРІС ҚҰРАЛДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ, ҮРДІСТЕРДІ БАСҚАРУДЫ АВТОМАТТАНДЫРУ, ӨНДІРІСТІК АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ, ЭНЕРГИЯНЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТЫ ҮНЕМДЕУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІ АЙЫНДА ҚЫТАЙ – ЕУРОПА – ҚЫТАЙ БАҒДАРЫ БОЙЫНША

**401,8 мың**

ЖФЭ КОНТЕЙНЕР ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

БИЫЛҒЫ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА

**181,4 км**

ЖОЛҒА ТҮРЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН.

АЛТЫ АЙДА ИМПОРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

**115**

ПАЙЫЗҒА ОРЫНДАЛҒАН.

## Ынтымақтастық

## ПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Ақтау портына Өзбекстан Республикасының Көлік министрі Илхом Махкамов пен «Узбекистон темір йуллари» (УТЙ) АҚ басшысы Хуснутдин Хасилов бастаған делегация келді.**

**Нұрбек БЕКЕН,**
Ақтау

Мәртебелі меймандарды «Ақтау теңіз сауда портының» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Абай Түрікпенбаев Ақтау портының инфрақұрылымдық мүмкіндіктерімен таныстырды. Биылғы жылдың сәуір айында Ташкент қаласында «АТСП» ҰК» АҚ мен «УТЙ» АҚ арасында екіжақты ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары мен мақсаттарын айқындайтын өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылғаны белгілі. Өзбекстан делегациясының осы жолғы жауап сапары тараптардың халықаралық мультимодальдық тасымалдарды ұлғайту жөніндегі ниеттерін іске асыру жолындағы практикалық қадам болып отыр.

Мәжбүрлі шектеулерге қарамастан, Ақтау порты арқылы өзбекстандық контейнерлік жүктерді тасымалдау көрсеткіштері өсуде. Мәселен, 2019 жылы 210 ЖФЭ контейнер болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 1 477 ЖФЭ-ні құрады.

Өзбекстандық жүк жөнелтушілердің өткізу нарықтарына жүктерді жеткізу бойынша әлеуетті қызығушылығы – бұл Ақтау порты арқылы қолданыстағы бағдарларды толтыруға және перспективалық бағыттарды дамытуға нақты алғышарттар болмақ.



Еске сала кетсек, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев Өзбекстанның Көлік министрі Илхом Махкамовпен және «Узбекистон темир йуллари» АҚ басшысы Хуснутдин Хасиловпен теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша келіссөздер жүргізгені жайлы хабарлаған болатынбыз. Тараптар теміржол көлігін дамыту бойынша екі ел үкіметтерінің бірлескен бастамаларын орындауды басшылыққа ала отырып, тасымалдау көлемін одан әрі арттыру мәселелерін талқылады. Ағымдағы жылдың алты айында екі ел арасында 12 млн тоннадан астам жүк тасымалданған.

## СЕРІКТЕСТІК ОРНАТУҒА ДАЙЫН

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Кедентранссервис» АҚ Эстония теміржолымен тиімді ынтымақтастық орнатуға мүдделі.**

Осы мақсатта аталған компания бас директоры Арман Сұлтанов пен Балтық теңізі жағалауының елінен келген теміржол компаниясының басқарма төрағасы – бас директоры Циммерманн Кайдо өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларына қатысты іскерлік келіссөздер жүргізді. Кездесу барысында Циммерман мырза компания қызметінің негізгі бағыттарымен және фитингтік платформалар паркін цифрландыру мен жаңартуды қоса алғанда, дамыту жөніндегі алдағы жоспарлармен танысты.

Келіссөзге қатысушылар екі тараптың серіктестікке дайын екендіктерін жеткізіп, өзара тиімді ынтымақтастық пен мемлекетаралық байланыстарды нығайту үшін бірнеше бағытты айқындады.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ЗЕРНУ – ЗЕЛЕНЫЙ СВЕТ

ПЕРЕВОЗКИ

**Акмолинские железнодорожники и зернотрейдеры обсудили организацию перевозок нового урожая зерна.**



**Алинур КУДАЙБЕРГЕН,**
Кокшетау

С начала года в регионе погружено 2,4 миллиона тонн зерна, что на 8,7% выше показателя аналогичного периода прошлого года. Железнодорожники изменили технологию своей работы для ускорения процесса погрузки сельхозпродукции. Так, маршрутные составы отправляются одним грузоотправителем с одной станции и на одну станцию назначения. Такой метод отправки зерна сокращает сроки доставки груза.

– За период январь-июнь сформировано и отправлено 394 маршрутных состава с зерном и продуктами перемола, этот показатель к прошлому году вырос на 131 маршрутный поезд, – отметил заместитель директора филиала по логистике ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Кайрат Оразбаев.

Традиционно акмолинское зерно и мука экспортируются в страны Центральной Азии, Иран, Афганистан, Китай и Россию. В контейнерах пшеница и мука доставляются во Вьетнам, Китай, Турцию, Италию и другие страны. Так, со станции Джамантуз и Тайынша были отправлены 3 контейнерных поезда с грузом, состоящим из ячменя и семян льна, назначением Казахстан – Достык - Китай.

Также было отмечено, что для обеспечения своевременной перевозки зерна всем участникам процесса необходимо мобилизовать усилия, оперативно и совместно решать возникающие вопросы. Однако все усилия по рациональному использованию подвижного состава нарушаются грузоотправителями из-за длительных простоев вагонов на станционных и подъездных путях в ожидании погрузки/выгрузки.

Кроме того, владельцам частных подъездных путей было рекомендовано обеспечить содержание путей в исправном состоянии, а также сохранность перевозимого груза и безопасность движения поездов.

– По Акмолинскому отделению ГП всего 129 хлебоприемных предприятий, из них по Амолинской области – 71, Северо-Казахстанской – 57, Костанайской – 1. Здесь уже ведутся работы по подготовке к приему нового урожая по фумигации и дегазации ХПП, – сказал Кайрат Оразбаев.

Аналогичные встречи с грузоотправителями прошли на станциях Атбасар, Курорт-Боровое, Жана-Есиль, Тайынша и других.

*Фото автора*

## ЕКІ ЖАҒДАЙҒА КЕМІГЕН

**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Шымкент

ҚАУІПСІЗДІК

**Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде өткен жартыжылдықта төрт қауіпсіздікті бұзушылық жағдайы орын алған.**

Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі жағдайға кеміген, яғни 2020 жылы қауіпсіздікке нұқсан келтіретін 6 жағдай тіркелген. Жалпы биылғы алты айда пайдалану санды-сапалы көрсеткіштерін көтеру, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бөлімше оң нәтижеге қол жеткізді.

Жүк айналымы жоспар бойынша 4 млн 928 ткм нетто болса, іс жүзінде 4 млн 982,8 ткм нетто құрап 101,1%-ға орындалды. Өткен жылмен салыстырғанда жүк айналымы 105,2%-ға орындалған.

Бос вагондардың тиелген вагондарға қатынасы 115,6%-ды құраған. Ол өткен жылмен салыстырғанда 119,3%-ға орындалған. Локомотивтің ортатәуліктегі өнімділігі жоспар бойынша 1 млн 171 мың ткм брутто болса, іс жүзінде 1 млн 263 мың ткм брутто немесе 107,9%-ға орындалған, өткен жылмен салыстырғанда 107,1%-ға орындалған.

Локомотивтің орта тәуліктегі жүрісі жоспар бойынша 581,8 км болса, іс жүзінде 602,3 км-ге немесе 103,5%-ға орындалды, өткен жылмен салыстырғанда 101,8%-ға орындалған.

Тиелген вагонның статикалық жүктемесі жоспар бойынша 57,94 тонна болса, іс жүзінде 59,23 тоннаны құрап, 102,2%-ға орындалды.

## МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЛЫП ОТЫР

**Қосуйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

ТАБЫС

**Бәсекелестік белең алған нарық заманында қаржылық түсімдердің басым болуы негізгі қағида болып табылатыны ақиқат.**

Биыл Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша жүк айналымы алты айда жоспардағы 4828-ден асып, 5069,5 млнткмнеттоны құраған, яғни 105 пайызға орындалды. Ал жүк тиеу жүз пайызға жетті. Сондықтан қаржылай түсім көлемі де артты. Негізгі қызметтер бойынша табыс бюджетін орындау 106% деңгейіне жетіп, 25 млрд 175 млн 626 мың теңгені құрады. Сондай-ақ тасымалдан түскен табыс 17 млрд 945 млн 348 мың, локомотив тартудан 5 млрд 928 млн 844 мың, қосалқы-көмек қызметінен 230 млн 292 мың теңге табыс түскен.

Жалпы бөлімше бойынша еңбек өнімділігі 108 пайызға орындалып, бір жұмысшының орташа айлық еңбекақысы жоспардағы 222664 теңге орнына 248 199 теңгені құрап отыр, өсім – 25535 теңге. Ол ұжымдық шартқа сәйкес 0,5 АЕК пойыздық жұмыс үшін үстемеақы және локомотив бригадаларының жанар-жағармайды үнемдеуі есебінен болып отыр.

Ұжымдық шартқа сай жұмысшылардың арнаулы киімдермен қамтамасыз етілуі де назардан түспейді. Биылғы жылы 1348 жиынтық костюм х/б, 134 каска, 997 жазғы бас киім, 1758 сигнал жилеті, т.б. қорғаныш құралдары жеткізілген. Қазіргі пандемия жағдайының күшеюіне байланысты жұмысшылар антисептик, маска, бір реттік қолғаптармен де қамтамасыз етілген. Еңбек қауіпсіздігі мен жағдайды жақсарту кешенді жоспарына сәйкес 10 шара жоспарланып, оның жетеуі орындалған. Сондай-ақ 22 млн 006 мың теңгеге кондиционер, қысқа толқынды пеш, диспенсер, мұздатқыш сынды тауарлар алынған. Яғни, жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуға бөлінген қаражат өз мақсатында игеріліп, мақсатты жұмсалып отыр.

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

ТАСЫМАЛ

**Жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыра отырып станцияның межеленген өндірістік жұмыс көрсеткіштерін орындауды мақсат еткен қызылордалық теміржолшылар жылдың алты айын табысты қорытындылады.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда




Табыс емей немене, белгіленген 836 вагонға жүк тиеу жоспарын 1094 вагонға жеткізіп, 130,86 пайызға асыра орындаған. 50341 тонна жүк тиеу межесі 69259 тоннаға жетіп, тиісінше жоспарды 137,57 пайызға жеткізген.

Шілде айында станцияға келген жүк пойыздарынан 1629 вагонды ағытып, 2198 вагонды пойыздарға құрастырып тіркеген қызылордалықтар 5276 вагоннан 287917 тонна жүк түсірген. Станция жұмысы жайлы мәлімет ұсынған Қызылорда станциясының техникалық бөлімінің инженері Мөлдір Дәулеткелдиева аймақтағы ахуалға байланысты әріптестерінің карантиндік шараларды қатаң сақтай отырып жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

– Жылдың алты айында 4,59 ваг/сағатқа белгіленген транзитті вагондардың бос тұру көрсеткіші де төмендеп, 3,33 вагон/сағатты құрап, жоспар 137,83 пайызға орындалды. Құжаттарын рәсімдеу кезіндегі транзитті вагондардың бос тұру межесі 10,24 ваг/сағ белгіленсе, есепті мерзімде көрсеткіш 10,03 ваг/сағ жеткізіліп, бұл жерде де жоспар 102,09 пайызға орындалған. Жалпы жылдың алғашқы жартысындағы өндірістік жұмысымызда олқылық болған жоқ. Бекітілген көрсеткіштер 94,44 -158,37 пайыз аралығында орындалды. Транзитті вагондардың құжаттары рәсімделмей бос тұрып қалу жағдайының да белгілі себептері болды. Көршілес бөлімшелердің құрамдарды қабылдамауынан вагондардың станцияда қалып қоюы мен локомотивтердің жетіспеушілігі өндірістік жұмысқа тосқауыл болды. Дегенмен алдағы уақыттарда бұл олқылықты жойып, жұмыс ырғағын бәсеңдетпеу үшін жұмыла жұмыс жасайтын боламыз, – деді техбөлім инженері Мөлдір Дәулеткелдиева.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, карантиндік шектеулерді қатаң сақтай отырып ауысыммен жұмыс жасайтын станция теміржолшылары кәсіби мерекелерін осындай толайым табыстармен қарсы алып, енді екінші жартыжылдықта да биік межелерді бағындыруға бел шеше кіріскен.

*Суретті түсірген автор*

# ҮЗДІК ЖАСАҚ

МЕРЕЙ

**Маңғыстау өртке қарсы қызмет жасағы соңғы бес жылда салалық жарыста үздік үштіктің қатарынан түскен емес. Былтырғы жыл қорытындысы бойынша тағы да бірінші орыннан көрінген үздік ұжым кәсіби мерекеде «Салалық жарыстың І дәрежелі» дипломын иеленді.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау




Ұжымды осындай жетістікке жетелеген оның басшысы Қайырхан Таласов «Үздік басшы» атанды. Үш өрт сөндіруші Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің Алғыс хатымен марапатталды. Олар: жасақтың Болашақ, Маңғыстау, Бейнеу өрт сөндіру пойыздарынан өрт шеңберін жөндеу шебері Нұрсұлтан Елубай, аға өрт сөндіруші Серік Шалабаев, қарауыл бастығы Бақытжан Дәулетбаев.

Бүгінде бұл мекемеде жалпы 43 адам еңбек етеді. Оның ішінде жасақ әкімшілігінде 6 адам, Бейнеу өрт сөндіру пойызында 17 адам, Болашақ пен Маңғыстау өрт сөндіру пойыздарында 10 адамнан.

– Былтырғы жеті айда түбек теміржолы аумағында өрт кездеспеді. Биыл біреуі тіркелді. Наурызда Бейнеу-Сай-Өтес телімінде №3316 жүк пойызының құрамындағы 2ТЭ10М-№2882 локомотивінің «А» секциясында өрт шықты. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Осы жеті ай көлемінде жалпы саны 224 нысанның өрт қауіпсіздік жағдайы тексеріліп, 152 түрлі дәрежедегі бұзушылық анықталды. Олар негізінен темір жол жиегінің қуарған шөп-шаламнан тазаланбауы, автоматты өрт дабыл қаққыштың жарамсыздығы немесе жабдықталмағандығы сынды кемшіліктер болды. Тақтай сөрелерінің асбест қоспасымен қанықтырылмауы, тоқ сымдарының ақауы, тоқ сымдарының кедергі күшінің тексерілмеуі, өртке қарсы сумен жабдықталмауы, тағы да басқа бұзушылықтар кездесті. 8 нысанға және 2 тоқ жүйесі нүктесіне өрт қауіптілігі жайында ескерту парағы берілді. Сонымен қатар 72/513 жолаушылар пойыздары/вагондары тексеріліп, олардан 198 бұзушылық табылды. 5 вагон өрт қауіптілігі жайында ескерту парағын алды. 1173 локомотивтен 534 бұзушылық, 42 арнайы жылжымалы құрамнан 2 кемшілік кездесті, – деп ақпарат берген «ҚТЖ» ҰК» АҚ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің Маңғыстаудағы бастығы Қайырхан Таласовтың айтуынша, өртке қарсы қызмет аталған мерзім ішінде 8 оқу-жаттығу, 5749 жұмыскерге өрт қауіпсіздігі нұсқауын өткізген.

*Суретті түсірген автор*

## Ахуал

**Ақтөбе облысының Хромтау, Мұғалжар, Алға, Қарғалы, Мәртөк аудандарының аумағын жұлдызқұрт жайлады. Жәндіктер жеке компанияның кірме жолдарын басып қалған.**

# ЖҰЛДЫЗҚҰРТ ЖАЙЛАДЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Әлеуметтік желіде теміржол бойын жайлаған жұлдызқұрттардың көптігінен тепловоздың жүре алмай жатқан видеосы тарап кетті. Онда машинист жәндіктерден жол майланып, дөңгелектердің тайғанап, жүре алмай қалғанын айтады. Оқиға Ақтөбе облысының аумағында болған.

«Желіде тараған видеомен таныспыз. Ақтөбе жол бөлімшесінің аумағына жәндіктерден қауіп болған жоқ. Оқиға Кемпірсай, Бадамша аумағындағы жеке компанияның кірме жолында болған. Қауіптің алдын алу үшін барлық жұмыстар жасалуда», – дейді Ақтөбе ЖТ бөлімшесі басшысының орынбасары Айбек Таласов.

Жәндіктердің тепловоз дөңгелектеріне жабысу оқиғасы Ақтөбе мыс компаниясының аумағында болды. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы зиянкестермен күрес жұмыстары жүргізіліп, жағдайдың тұрақталғанын жеткізді. «Жаңбыр жауып, кейін күн қатты ысығанда осындай болады. Бұл 8-10 жылда бір қайталанатын жағдай. Фитосанитариялық диагностика және болжамдар-әдістемелік орталығы анықтаған аумақта ғана химиялық өңдеу жүргізіледі. Қазір 8 мың гектар жер анықталды. Оның дені шаруалар меншігінде. Талап бойынша шаруалар өз қаржысына өңдеу жүргізеді. Кейін қаржысының тең жартысы субсидияланады», – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Исатай Есмағамбетов.

**Жарты жылдық ақпарат «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындауы не орындамауы туралы БИН 131140004956 64200 (ЭҚЖЖ бойынша қызмет түрі) 2021 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша**

| № | Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы | Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі) | Іс-шараның атауы | 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін инвестициялық бағдарламалар | | Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарланған өлшемдері (көрсеткіштері) 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 30 маусымына дейін | | | | | Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты өлшемдері (көрсеткіштері) (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) | | | | | Ауытқу (+,-) | Ауытқуы/ Ауытқудың себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 30 маусымына дейін | 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін | Өлшем бірлігі | Техникалық параметрлері | Өлшем бірлігі | Инвестициялар сомасы | Техникалық параметрлері | Өлшем бірлігі | Техникалық параметрлері | Өлшем бірлігі | Инвестициялар сомасы | Көлем | Сома, мың теңге | |
| | Барлығы: | Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 43-1-43 / 5788 хатына сәйкес бекітілген | | - | **13 599 143** | бірлік | | мың теңге | **13 599 143** | барлығы, оның ішінде | бірлік | мың теңге | мың теңге | - | -11 216 801 | **-13 599 143** | |
| | | | | - | 11 216 801 | | | мың теңге | 11 216 801 | меншік | | мың теңге | - | | -2 382 341 | | |
| | | | | - | 2 382 341 | | | мың теңге | 2 382 341 | қарыз | | | - | | | | |
| 1 | Жолаушылар электровоздарын сатып алу | | локомотивтерді сатып алу | - | 7 005 582 | бірлік | 4 | мың теңге | 7 005 582 | барлығы, оның ішінде | бірлік | - | мың теңге | - | 4 | -7 005 582 | |
| | | | | - | 4 623 240 | | | мың теңге | 4 623 240 | меншік | | мың теңге | - | | -4 623 240 | | |
| | | | | - | 2 382 341 | | | мың теңге | 2 382 341 | қарыз | | мың теңге | - | | -2 382 341 | | |
| 2 | Жолаушылар тепловоздарын сатып алу | | | - | 5 983 722 | бірлік | 3 | мың теңге | 5 983 722 | барлығы, оның ішінде | бірлік | - | мың теңге | - | 3 | -5 983 722 | |
| | | | | - | 5 983 722 | | | мың теңге | 5 983 722 | меншік | | мың.теңге | - | | -5 983 722 | | |
| 3 | Сериясы ВЛ-80 электровоздарын күрделі жөндеу | | ВЛ-80 сериялы электровоздарды күрделі жөндеу | - | 609 839 | бірлік | 6 | мың теңге | 609 839 | барлығы, оның ішінде | бірлік | - | мың теңге | - | 6 | 609 839 | |
| | | | | - | 609 839 | | | мың теңге | 609 839 | меншік | | мың теңге | - | | 609 839 | | |

**«Жолаушылар локомотивтері» ЖШС Бас директорының м. а. М. Медеубаев**



# С ЭКОЛОГИЕЙ НА «ВЫ»

СОВЕЩАНИЕ

**В Алматинском отделении грузовых перевозок прошло совещание под председательством главного инженера АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева по разъяснению требований нового Экологического кодекса РК.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

В совещании приняли участие заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов, представители департамента экологии по городу Алматы, главные инженеры предприятий, ответственные лица по экологии. Мероприятие прошло с соблюдением санитарных норм и правил, действующих в период пандемии.

– С 1 июля текущего года введен в действие новый Экологический кодекс Республики Казахстан – фундаментальный документ в сфере охраны, восстановления и сохранения окружающей среды. С его принятием появилось большое количество новых норм, регулирующих экологические отношения, что, несомненно, вызвало огромный интерес к ним со стороны природопользователей, – отметил Батыр Котырев.

Главный инженер АО «НК «ҚТЖ» разъяснил, что новый Экологический кодекс ужесточает правовой режим для объектов, оказывающих наиболее значительное воздействие на окружающую среду. На железной дороге реализуются мероприятия по снижению негативного воздействия на окружающую среду, внедряется модуль «Экологическая безопасность» в системе ИС ПБ, который имеет огромный функционал и является основным инструментом цифровизации экологической деятельности.

Кроме того, участниками встречи отмечено, что одним из первостепенных требований кодекса является статья 418 пункт 3, то есть операторы объектов, введенных в эксплуатацию до 1 июля 2021 года, обязаны не позднее 1 августа текущего года подать в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды заявление в целях отнесения соответствующих объектов к I, II, III и IV категориям.

Форма заявления, порядок его рассмотрения регламентированы инструкцией по определению категории объекта, оказывающего негативное воздействие на окружающую среду.

В этой связи с июля во всех структурных подразделениях компании начаты работы по подаче заявлений по определению категорий объектов, оказывающих негативное воздействие на окружающую среду через единые экологические порталы http://company.ecogov.kz/, https://ecoportal.kz/, http://www.koktem2.kz/.

Одним из главных новшеств – принцип «загрязнитель платит и исправляет». Так, в случае нанесения экологического ущерба природопользователь обязан восстановить окружающую среду до первоначального состояния. Также ужесточена ответственность за незаконную вырубку деревьев. Кроме того, предусмотрено требование о прохождении оценки воздействия на окружающую среду (ОВОС) в отношении крупных предприятий первой категории. К слову, в 2023 году все они обязаны установить автоматические системы мониторинга вредных выбросов в атмосферу, которые в онлайн-режиме будут передавать информацию в уполномоченный орган. Особого внимания удостоилась плата за эмиссию в окружающую среду и целевое расходование средств бюджета на природоохранные мероприятия.

*Фото автора*

# СООБЩА МОЖНО ГОРЫ СВЕРНУТЬ

РЕМОНТ

**Работники Жанааркинской дистанции пути Карагандинского региона обслуживают участок железнодорожного пути Жарык – Жезказган – Косколь протяженностью главного пути 759,6 километра и станционных путей – 97,6 километра и показывают отличные результаты в работе.**

**Светлана МОГАЙ,**
Жанаарка

В этом году установлен план по проведению капитального ремонта пути протяженностью 75,882 километра на перегонах Коктенколь – разъезд 69 – Жанаарка и разъезд 69 – разъезд 117. На сегодняшний день уже отремонтировано более 34 километров. Это позволило существенно увеличить скорость пассажирских и грузовых поездов с 80 до 120 км/час.

– Для обеспечения надежности, безопасности, а также повышения скорости движения поездов на участке дистанции пути с 2014 года мы начали готовиться к предстоящим переменам, так как железнодорожное полотно на 70% было устаревшим, – рассказывает начальник Жанааркинской дистанции пути Габибулла Мукушев. – Ранее максимальная скорость на отдельных участках достигала 80 километров в час для пассажирских и 70 для грузовых поездов.

Семь лет назад был произведен капитальный ремонт пути на перегоне Мынадыр – Жомарт, а в 2017 году подобные работы прошли на 50 километрах перегона Кызылжар – Туйемойнак – Теректы, в минувшем году отремонтировано 32 километра пути на перегонах разъезд 17 – Атасу и Женис – Кызылжар.

После выполнения капитального ремонта намного улучшилось состояние пути, увеличилась пропускная способность железнодорожного участка Жарык – Жезказган, повысилась комфортабельность пассажиров в связи с сокращением времени хода пассажирских поездов. Стоит отметить, что улучшились и условия работы локомотивных бригад пассажирских перевозок.

> **ПОСЛЕ ВЫПОЛНЕНИЯ КАПИТАЛЬНОГО РЕМОНТА НАМНОГО УЛУЧШИЛОСЬ СОСТОЯНИЕ ПУТИ, УВЕЛИЧИЛАСЬ ПРОПУСКНАЯ СПОСОБНОСТЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО УЧАСТКА ЖАРЫК – ЖЕЗКАЗГАН, СОКРАЩЕНО ВРЕМЯ ХОДА ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ, УЛУЧШИЛИСЬ И УСЛОВИЯ РАБОТЫ ЛОКОМОТИВНЫХ БРИГАД.**

– Для текущего содержания и ремонта пути немаловажное значение на дистанции уделяется



подготовке и обучению кадров, – сообщил Габибулла Мукушев. – Этот процесс достигается путем закрепления молодых специалистов за опытными. В нашей нелегкой работе отличные результаты в работе показывают дорожные мастера Елубай Нуркешов, Ардак Жумашев, начальник участка Мирас Егзеков, инженер-технолог Берик Акишев и другие работники.

На данном участке расположено 49 железобетонных мостов и 130 труб. С момента окончания строительства и ввода в эксплуатацию в 2015 году железнодорожной линии Жезказган – Саксаульская участок Жанааркинской дистанции пути оказался связующим звеном в грузообороте и пассажиропотоке между востоком и западом страны. Почти вдвое увеличился грузопоток, открылись новые направления в пассажирском сообщении.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# НА ВСЕ УГРОЗЫ НАЙДЕМ ОТВЕТ

**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

ПРОФИЛАКТИКА

**На станции Нур-Султан-1 прошло совещание на тему «Антитеррористическая защищенность вокзала столицы».**

В мероприятии приняли участие руководители и сотрудники линейного отделения полиции, досмотровой службы вокзала и работники инженерно-технической службы.

На данный момент все антитеррористические меры на железнодорожных вокзалах соблюдаются в полной мере. Железнодорожное полотно каждый день осматривают монтеры пути, поезда проверяются перед выходом в рейс и неоднократно в пути следования. Также применяется система видеонаблюдения с целью выявления не только лиц, находящихся в розыске, но и всех подозрительных элементов.

По словам заместителя начальника линейного отделения полиции на станции Нур-Султан-1 майора полиции Максата Шахарова, с начала года проведено 8 антитеррористических учений на железнодорожных объектах Акмолинского региона.

– Их цель – наладить четкое и оперативное взаимодействие всех участников перевозочного процесса, а также выявить, проанализировать и устранить возникающие при этом недоработки, – отметил он.

Тем не менее нужно помнить, что одной бдительности со стороны железнодорожников недостаточно. В деле обеспечения безопасности активное участие должны принимать и граждане, которые непосредственно находятся в поездах, на остановочных пунктах, вокзалах. Поэтому постоянно транслируется объявление: «...в случае обнаружения подозрительных лиц либо предметов немедленно сообщите об этом в правоохранительные органы».



# СИТУАЦИЯ ПОД КОНТРОЛЕМ

**Лана ВЕРШИНИНА,**
Караганда

ПОЖАРЫ

**Сотрудники отряда негосударственной противопожарной службы филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» участвуют в ликвидации степных пожаров, которые на сегодняшний день в регионе не утихают.**

Уже взято на контроль 17 очагов природных пожаров – на территории Улытауского, Каркаралинского, Осакаровского, Бухар-Жырауского, Шетского, Нуринского районов и в Каражале.

– Сейчас у сотрудников нашей службы в прямом смысле горячая пора. Наш отряд регулярно выезжает на объекты вместе с работниками государственной пожарной службы и оказывает им помощь в обеспечении водоснабжения и пенообразователя. Недавно степной пожар произошел в Березовой роще. Огонь мы смогли ликвидировать и проконтролировать степень его дальнейшего распространения, – рассказывает начальник негосударственной противопожарной службы филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Серикбай Ещанов. – В связи с высоким температурным режимом, достигающим порой +42 градусов, и сильным ветром до 15-20 метров в секунду, возникает пожар. При этом продукты горения, образованные во время процесса, токсичны, дым от огня способствуют загрязнению атмосферы. Ситуация со степными пожарами в регионе остается тревожной. В настоящее время из 15 степных возгораний ликвидированы 10.

*Фото автора*

## Полугодовая информация ТОО «Пассажирские локомотивы» об исполнении либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене БИН 131140004956 64200 (вид деятельности по ОКЭД) за 1 полугодие 2021 года

| № | Наименование показателей инвестиционной программы (проекта) (с 1 января 2021 года по 30 июня 2021 года) | Кем утверждена (дата, номер приказа) | Наименование мероприятия | Годы реализации мероприятий с 1 января 2021 года по 31 декабря 2021 года | | Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене с 1 января 2021 года по 31 декабря 2021 года с 1 января 2021 года по 30 июня 2021 года (1 полугодие) | | | | | Фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене | | | | Отклонение факта полугодия к плану года (+,-) | | Причины отклонения |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | с 1 января 2021 года по 30 июня 2021 года | с 1 июля 2021 года по 31 декабря 2021 года | Ед. изм. | Технические параметры | Ед. изм. | Сумма инвестиций | Источник инвестиций | Ед. изм. | Технические параметры | Ед. изм. | Сумма инвестиций | объем | Сумма тыс. тенге | |
| | Всего: | Инвестиционная программа утверждена согласно письму от 30.12.2020г.№ 43-1-43/5788 Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики РК | | - | 13 599 143 | ед. | | тыс. тенге | 13 599 143 | всего в т.ч. | ед. | | тыс. тенге | - | | -13 599 143 | |
| | | | | - | 11 216 801 | | | тыс. тенге | 11 216 801 | собственные | | | тыс. тенге | - | | -11 216 801 | |
| | | | | - | 2 382 341 | | | тыс. тенге | 2 382 341 | заемные | | | тыс. тенге | - | | -2 382 341 | |
| 1 | Приобретение пассажирских электровозов | | Приобретение локомотивов | - | 7 005 582 | ед. | 4 | тыс. тенге | 7 005 582 | всего в т.ч. | ед. | - | тыс. тенге | - | 4 | -7 005 582 | |
| | | | | - | 4 623 240 | | | тыс. тенге | 4 623 240 | собственные | | | тыс. тенге | - | | -4 623 240 | |
| | | | | - | 2 382 341 | | | тыс. тенге | 2 382 341 | заемные | | | тыс. тенге | - | | -2 382 341 | |
| 2 | Приобретение пассажирских тепловозов | | | - | 5 983 722 | ед. | 3 | тыс. тенге | 5 983 722 | всего в т.ч. | ед. | - | тыс. тенге | - | 3 | -5 983 722 | |
| | | | | - | 5 983 722 | | | тыс. тенге | 5 983 722 | собственные | | | тыс. тенге | - | | -5 983 722 | |
| 3 | Капитальный ремонт электровозов серии ВЛ-80 | | Капитальный ремонт электровозов серии ВЛ-80 | - | 609 839 | ед. | 6 | тыс. тенге | 609 839 | всего в т.ч. | ед. | - | тыс. тенге | - | 6 | -609 839 | |
| | | | | - | 609 839 | | | тыс. тенге | 609 839 | собственные | | | тыс. тенге | - | | -609 839 | |

И. о. Генерального директора ТОО «Пассажирские локомотивы» М. Медеубаев

# НАГРАДЫ ЗА ДОСТОЙНЫЙ ТРУД

**Генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Петер Штурм вручил отраслевые награды лучшим работникам регионального филиала «Северный».**



**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Во время торжественной церемонии награждения Петер Штурм поздравил коллектив филиала с профессиональным праздником, поблагодарив за труд, ответственность и вклад в развитие отрасли.

Высшую отраслевую награду – знак «Почетный железнодорожник» в этот день вручили начальнику поезда Владимиру Базанкову и проводнику служебного вагона Ларисе Заборской. Ведущий экономист филиала «Северный» Роза Джузбаева отмечена почетной грамотой председателя правления АО «НК «ҚТЖ».

– Для меня честь сегодня вручать высокие награды нашим сотрудникам. Это доказательство вашей любви к профессии и приверженности ее лучшим традициям, – обратился к труженикам магистрали Петер Штурм. – Каждый работник заслуживает уважения и должен гордиться своим делом.

Железнодорожники, в свою очередь, поблагодарили руководство компании за поддержку и признание, отметив качественные изменения в развитии железнодорожного транспорта Казахстана.

За плечами каждого из них – многолетний труд в отрасли. Так, начальник поезда Астанинского участка регионального филиала «Северный» Владимир Базанков работает на стальной магистрали более 40 лет. Трудовую деятельность начинал помощником машиниста, затем был машинистом, проводником и вот уже более 20 лет является начальником поезда. Всю жизнь посвятила отрасли и супруга железнодорожника.

Заслуги Владимира Базанкова отмечены нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін», юбилейной медалью к 110-летию железной дороги Казахстана, благодарственными письмами и грамотами. Теперь его форменный пиджак украшает главная отраслевая награда – знак «Почетный железнодорожник».

– Хочу выразить благодарность руководству за доверие. Наша работа очень интересная, особенно ценно общение с людьми. Мы охотно делимся жизненным опытом с молодыми специалистами, чтобы они достойно несли службу и добивались успехов, – сказал Владимир Базанков. – Компания создает все условия для безопасных и комфортных поездок. Развитие железнодорожного транспорта Казахстана, повышение качества сервиса и обновление подвижного состава сделали наш труд легче, а путешествия пассажиров радостными.

Проводник служебного вагона Лариса Заборская – представительница династии железнодорожников. Ее дедушка – участник Великой Отечественной войны. После демобилизации в 1943 году он устроился в Акмолинскую дистанцию пути, которой посвятил всю жизнь. По его стопам пошел отец железнодорожницы Анатолий Заборский, много лет проработавший машинистом снегоуборочной машины. Дистанция пути стала вторым домом и для брата Ларисы Анатольевны – он трудился в дефектоскопном вагоне.

Лариса Заборская посвятила железной дороге 30 лет, более 20 из них она работает проводником служебного вагона. За это время побывала с руководством компании в самых «горячих» точках магистрали. Почетный железнодорожник признается, что в детстве мечтала стать стюардессой, однако по воле судьбы стала «стюардессой железной дороги», о чем никогда не жалела.

Со студенческой скамьи трудится в отрасли ведущий экономист филиала «Северный» Роза Джузбаева. После окончания Алматинскогго института инженеров железнодорожного транспорта в 1989 году она устроилась в Целиноградское пассажирское вагонное депо инструктором по производственному обучению в резерве проводников. Через год была приглашена на работу в экономический блок, в котором трудится уже более 30 лет.

В 2021 году за профессиональные заслуги и достижения к Дню работников транспорта РК отмечены более 260 сотрудников АО «Пассажирские перевозки», шесть из них удостоены знака «Почетный железнодорожник».

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**Қостанай магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Арқалық жол дистанциясының зейнеткері Сабырхан Нұрпейісов қырық жылға жуық ғұмырын жол шаруашылығына арнаған. Оның балалық шағы зұлмат соғыспен тұспа-тұс келгендіктен, тағдыр тауқыметінің ащы дәмін бір кісідей-ақ татқан екен.**



# ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІНЕ МОЙЫМАҒАН ЖАН

**Нұрбек БЕКЕН,**
Қостанай

Үш жасқа толар-толмастан анасынан айырылып, әкесі соғысқа кеткен Сабырхан қарт әжесінің қолында қалып, бес жасында өзі құралыптас балалармен картоп жинауға көмектесіп, оны өгіз жеккен арбамен қоймаға тасыған екен. Алты-жеті жасында қойшының көмекшісі болып, күні бойы қой баққан кездері де болыпты. Кейіпкеріміздің теміржолдағы еңбек жолы 14 жасында басталыпты. Ол болат жол бойындағы шөпті жұлып, теміржолға қарасты үй-кеңселерді жөндеу, сылау, әктеу жұмыстарына қатысады.

«1944 жылы әкем соғыстан бір аяғынан айырылып, кеудесін снаряд жарықшағы тесіп өтіп, 1-топтағы мүгедек болып оралды. Ол фашистер басқыншылығынан Отанды қорғау үшін Ленинград түбіндегі қанды майданда шайқасты. «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» медалімен марапатталған қайсар жан еді», – деп еске алады әкесін сексеннің үшеуіне келген Сабырхан ата.

Қостанай облысына қарасты Құсмұрын станциясында туып-өскен кейіпкеріміз мектеп бітіре сала үйленіп, жұбайы Балғаным екеуі жол дистанциясына жұмысқа тұрады. Қарапайым жолшы болып бастап, жол бригадирі, жол шебері, жол инженері, инженер-технологқа дейін көтеріледі. Жұмыс істей жүріп теміржол техникумын бітіріп алады. Бірде оны арнайы іздеп техникумда бірге оқыған жолдасы әрі Державинка жол дистанциясының бастығы Оразбай Айппаев келіп, оған өзінің мекемесінде аға жол шебері болып жұмыс істеуге ұсыныс жасайды. Сабырхан Уәлиұлы бұл ұсынысты қабыл алып, Державинка станциясына қоныс аударады. Жұбайы өткел кезекшісі болып жұмысқа тұрады.

«Қарап тұрсам, 40 жыл өмірім теміржолда өтіпті. Есіл-Державинск-Арқалық аралығындағы күрделі телімдерде қыруар жұмыс атқардық. Жол шаруашылығы – зейнетінен бейнеті көп сала. Қыстың бет қаритын үскірік аязында, жаздың аптап ыстығында жұмыс істеу қандай қиын екенін жол саласы мамандары жақсы біледі. Бірақ, бұл кәсібіме еш өкінген емеспін. Құдайға шүкір, қазір сол еңбектің жемісін көріп отырған жайымыз бар», – деген қарт теміржолшы 20 жыл өңірдегі ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін абыроймен атқарған.

Оның айтуынша, бұл қызметтің де өзіндік жауапкершілігі, міндеті бар. Үй-үйді аралап, кімнің қандай мұқтажы барын білу, оны мекеме басшылығына жеткізіп, көмек көрсетуге ықпал ету – үлкен жұмыс.

«Теміржол компаниясы адам құндылығына басымдық береді. Теміржолшылардың қазіргі еңбек жағдайы біздің кезбен салыстырғанда көш ілгері. Зейнеткерлері де назардан тыс қалған емес. Әлеуметтік жағдайлары мен жеңілдіктері Ұжымдық шартта жазылған және ол мінсіз орындалуда. Тек еңбек ет те, міндет ет», – дейді Еңбек ардагері.

# ЖЕТПІС ПАЙЫЗ ЕКПЕ АЛДЫ

COVID-19

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының қызметкерлері қауіпті індетке қарсы вакцина алуды елдің алдымен бастап, ерікті түрде екпе алушылар қатары күн санап артпаса, кеміген жоқ.**

**Даниял ХАМИТ,**
Нұр-Сұлтан

Бүгінгі таңда ҚТЖ бойынша 78 мыңнан астам қызметкер Covid-19-ға қарсы вакцинацияланды, бұл барлық ұжымның 70,6% құрайды. Оның ішінде 48,7% вакцинаның екі компонентін алып, егу курсын толық аяқтады.

Теміржолшылар егуді тікелей жұмыс орындарында алады, ол үшін арнайы медицина қызметкерлері шақыртылады. Егу пункттері депода және қызметкерлер күн сайын ауысым алдындағы тексеруден өтетін станцияларда жұмыс істейтін медициналық кабинеттер базасында орналастырылған.

Екпе алу процедурасының емханалардағыдан еш айырмашылығы жоқ. Вакцинация алдында міндетті тексеру, артериялық қысымды өлшеу, қызметкердің денсаулық жағдайын бағалау жүргізіледі.

Вакцинация күніне дейін дәрігерлер қызметкерлермен алдын ала онлайн-жүздесулер өткізіп, онда екпе егудің пайдасы туралы айтылады.

Бүгінде елдегі жағдай коронавирустың дельта штаммының кең таралуымен ушығып тұрғанын ескерсек, өзінің және жақындарының денсаулығын жоғары қойған теміржолшылардан үлгі алуға тұрарлық.

# ЖОЛШЫ ЕҢБЕГІНЕ АЛҒЫС

АРДАГЕР

**Қызылорда жол дистанциясының ұжымы төл мереке қарсаңында тәжірибелі теміржолшы Әбілда Садуақасовты зейнет демалысына шығарып салды.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда



Дистанция бастығы Марат Оңалов зейнет демалысына шыққанша ең қиын да күрделі саланың ыстық-суығына көніп, тынымсыз тер төккен жолшы еңбегіне алғыс айтты. Ұжымның кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева Әбілда Сағымбайұлының еңбегі әркез басшылық тарапынан лайықты бағаланып, жастардың ақылшы ұстазы болғанын жеткізді.

– Дистанциямыздың тәжірибелі де сақа теміржолшысы бола білген Әбілда ағамыз қарапайым еңбек адамы болып бүкіл өмірін шойын жолдың кем-кетігін түгендеумен өткізді. Ол жұмыс жасаған 2-учаскенің жолшылары оның жұмыс тәжірибесін өздеріне ғана емес, дистанция бойынша үлгі тұтады, «көпті көрген тарлан» деп құрметтейді. Жалпы Садуақасовтар отбасынан үш адам біздің дистанцияда жұмыс істеп, кішігірім теміржолшылар әулетін құрады. Бұған дейін Әбілда Сағымбайұлының ағасы Сәрсенбай ағамыз біздің дистанцияда жұмыс жасап зейнетке шықса, қазіргі таңда оның баласы Ерлан аға буынның өнегелі ісін жалғастыруда, – деді ұжымның кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева.

Жолшылар ұжымында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша зейнеткердің иығына ұжым атынан шапан жабылып, естелік сый-сияпат жасалды. Үлкен-кіші ақжарма тілектерін жаудырып, ардагер жолшыны әріптестері құрметті демалысқа құрметпен шығарып салды.

*Суретті түсірген автор*

# ЛУЧШИЕ В ЗАБЕГЕ

СПОРТ

**В столице подвели итоги 30-дневного марафона, посвященного юбилею независимости РК. В забеге приняли участие более 100 работников и ветеранов железнодорожного узла Нур-Султан, лучших из них определили в пяти возрастных категориях.**

**Кирилл МАКСИМОВ,**
Нур-Султан

Инициатором спортивного мероприятия выступил филиал «Астана» ОО «Казпрофтранс». Перед участниками стояла задача преодолеть 30 километров за 30 дней, фиксируя свои ежедневные результаты в мобильном приложении Strava.

– По регламенту, каждый марафонец должен был пробегать по одному километру в день, но так как у многих железнодорожников сменная работа, мы не стали ограничивать их рамками регламента и разрешили преодолевать более длинные дистанции в удобное для них время. Неизменным оставалось главное условие – пробежать 30 километров за 30 дней, – рассказал инструктор по спорту филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» Роман Подгатец.

Проявленная железнодорожниками активность наглядно показала, что за время пандемии они соскучились по соревнованиям и спорту. Демонстрируя выдержку и волю к победе, день за днем марафонцы улучшали свои результаты. К слову, наряду со столицей эстафету приняли железнодорожники Атбасара.

По итогам 30-дневного забега лучшими среди молодежи до 30 лет стали Досбол Алтаев из филиала «Экспресс» АО «Пассажирские перевозки» и Назгуль Курганбаева (ЦПД), вторые призовые места у Амирхана Ибраева из Астанинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-17) и Мөлдір Есболгановой (Хозяйственное управление), «бронзу» получили Берикбол Есет (филиал «Экспресс») и Диляра Нугуманова (Дирекция автоматизации и цифровизации (ЦДАЦ). В возрастной категории от 31 до 40 лет среди мужчин «золота» удостоился Асет Хасенов (ШЧ-17), «серебро» у Ануара Алджарова (ЦА), «бронзу» завоевал Андрей Крыжный (ШЧ-17). Среди прекрасной половины лучшей стала Гулим Картина (Многофункциональный центр обслуживания), на втором месте – Лилия Бадртдинова (ЦДАЦ), на третьем Улжан Нуржанова (ЦА).

В возрастной категории от 41 до 50 лет первое место занял Руслан Молдагалиев (департамент безопасности движения), на втором месте Кайрат Бектурсынов (Центр диагностики пути (ЦПД), на третьем – Даур Тойбаев (Дирекция магистральной сети). Среди женщин «золото» завоевала Алмагуль Рахимжанова (ШЧ-17), «серебро» – Ольга Макалкина (ЦДАЦ), а «бронзу» Сауле Джаупарова (Атбасарская дистанция пути).



В возрастной категории от 51 до 63 лет лучший результат показала Сауле Калтаева из ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», в шаге от нее коллега из КТЖ ГП Гульмира Сапаргалиева, на третьем месте Наталья Катенева из АО «Пригородные перевозки».

Среди ветеранов от 63 лет «золота» добился Виктор Тихомиров (Атбасарская дистанция пути).

Победители и призеры марафона получат медали, грамоты и ценные призы. Кроме того, все без исключения участники будут отмечены благодарственными грамотами к 30-летию независимости РК.

*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
**Кезекші редакторлар:**
**Л. Ровба, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.